

**Баянауыл аудандық мәслихатының (V сайланған кезектен тыс XXXII сессиясы) 2014 жылғы 30 сәуірдегі "Жекелеген санаттағы алушыларға мерекелік және атаулы күндерге әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу туралы" № 166/32 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Павлодар облысы Баянауыл аудандық мәслихатының 2015 жылғы 13 ақпандағы № 244/43 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 30 наурызда № 4396 болып тіркелді. Күші жойылды – Павлодар облысы Баянауыл аудандық мәслихатының 2021 жылғы 6 мамырдағы № 40/4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды – Павлодар облысы Баянауыл аудандық мәслихатының 06.05.2021 № 40/4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 2-3-тармағы, 27-бабы 1-тармағының 17) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" № 504 қаулысына сәйкес, Баянауыл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Баянауыл аудандық мәслихатының 2014 жылғы 30 сәуірдегі "Жекелеген санаттағы алушыларға мерекелік және атаулы күндерге әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу туралы" № 166/32 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3790 тіркелген, 2014 жылғы 23 мамырдағы "Баянтау" аудандық газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1–тармақта:

сегізінші абзацтағы "69 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде (бұдан әрі - АЕК)" деген сөздер мен сандар "150000 (бір жүз елу мың) теңге" деген сөздермен және сандармен ауыстырылсын;

оныншы абзацтағы "14" деген сандар "10" деген сандармен ауыстырылсын;

он бірінші абзацтағы "3,5" деген сандар "10" деген сандармен ауыстырылсын;

он үшінші, он бесінші абзацтардағы "1,8" деген сандар "10" деген сандармен ауыстырылсын;

он төртінші және он алтыншы абзацтар алынып тасталынсын;  
он жетінші абзақтағы "1,8" деген сандар "5" деген санымен ауыстырылсын.

2. Шешімнің орындалуын бақылау Баянауыл аудандық мәслихаттың әлеуметтік–экономикалық даму мәселелері жоспар мен бюджет және әлеуметтік саясат жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі

*Сесси төрағасы, аудандық  
мәслихаттың хатшысы  
"КЕЛІСІЛДІ"*

*Т. Қасен*

*Павлодар облысы әкімінің  
міндетін атқарушы  
2015 жылғы "3" наурыз*

*Д. Тұрғанов*